

**Төлем балансының ағымдағы шоты туралы
ҚР ҰБ Төлем балансы департаментінің директоры
Азат Өскенбаевтың түсіндірмесі**

Ұлттық Банк **2021 жылдағы бірінші жартыжылдықтың** қорытындысы бойынша, Қазақстан Республикасының төлем балансын алдын ала бағалап көрді. **Ағымдағы шоттың** тапшылығы **(-)1,7 млрд АҚШ долларын** құрады.

Есепті кезеңде ағымдағы шоттың жай-күйі ішкі сұраныс пен әлемдік экономикалық белсенділікті қалпына келтірумен анықталды.

Сауда балансының профициті өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда **5,9%-ға** төмендеп, **9,4 млрд АҚШ долларын** құрады.

Тауарлар **экспорты 3,4%-ға** өсіп, **26,9 млрд АҚШ долларына** жетті. Бұл ретте мұнай мен газ конденсатының экспорты (*ресми экспорттың 49,7%-ы*) 10,8%-ға немесе 1,6 млрд АҚШ долларына төмендеді. Өткен жылға қарағанда әлемдік мұнай бағасының қалпына келу үрдісі екінші жартыжылдықта толық көлемде көрініс табады.

Тауарлар **импортының** өсуі **9,2%-ды** құрап, **17,5 млрд АҚШ долларына** жетті. Бұл ұлғаю тұтыну тауарлары импортының 27,3%-ға немесе 1,2 млрд АҚШ долларына, оның ішінде азық-түлікке жатпайтын тауарлар импортының 36,0%-ға немесе 1,1 млрд АҚШ долларына өсуіне байланысты болды.

Шетелдік тікелей инвесторлардың **кірісі 9,5 млрд АҚШ долларына** дейін **42,8%-ға** ұлғайды. Ағымдағы шоттың тарихи жай-күйі теріс кірістер балансында оң сауда балансымен сипатталады.

2021 жылдағы бірінші жартыжылдықтың алдын ала қорытындысы Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес келеді.